

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Көкшетау қалалық Тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 20 21 ж. «15» қаңтар **ЖҮРГІЗІЛДІ**

БСН 991040002290

№ 119-1902-КРО-МК

Бастапқы тіркелген күні
2014 ж. «21» қаңтар



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 05 қаңтардағы
№ А-1/3 қаулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы
Көкшетау қаласының «Болашақ» бөбекжайы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Болашақ» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) мемлекеттік кәсіпорынның жедел басқару құқығы ретінде ұйымдық-құқықтық нысаны заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы (бұдан әрі - Құрылтайшы) Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.
3. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы (бұдан әрі – уәкілетті органы) «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
4. Кәсіпорынның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Болашақ» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
5. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Центральный шағын ауданы, 61.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

6. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.
7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі бар.
8. Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

10. Кәсіпорынның мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде құрылған бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес баланың жас және жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып жеке тұлға қалыптастыру және дамыту болып табылады.

11. Кәсіпорындағы білім беру жүйесінің басым бағыты: инновациялық денсаулықты сақтау технологиясы және денешынықтыру тәрбиесіндегі дамытушылық – түзетушілік әдістемелерді қолдана отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

12. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу, медициналық қызметті жүзеге асыру, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті (дәрігерге дейінгі) ұйымдастыру;

2) тәрбиеленушілердің Отанға деген сүйіспеншіліктерін, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, мәдени-рухани құндылықтарын дамыту.

3) балалардың сөйлеу тілі кемшіліктерін білікті түзетуден тұратын түзету-дамыту.

4) тәрбиеленуші меңгере алатындай мектепке дейінгі білім беру саласына инновациялық технологияларды енгізуге жағдай туғызу;

5) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту;

6) мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білім құмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;

7) балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;

8) тәрбиеленушілердің ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынас жасау;

9) мектепке дейінгі оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әдістемелік және консультативтік көмек көрсету;

10) білім беру саласының материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту.

13. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді.

14. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің жалпы білім беру бойынша оқыту бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің жалпы білім беру мемлекеттік стандарты негізінде арнайы мектепке дейінгі жастағы балалардың іс-әрекетінің түрін ескере отыра құрылады.

15. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің жалпы білім беру бойынша оқыту бағдарламасы:

1) балаларды сауықтыру, дамыту, оқыту және тәрбие беру тұтастық принциптерін ескере отыра мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің үздіксіз және сабақтастығын қамтамасыз етеді;

2) әр баланың денсаулық жағдайын және дамыту ерекшеліктерін ескере отыра, жеке тәсіл негізінде бастауыш білім берудің оқыту бағдарламасын меңгеруін дайындауға, қабілетін, икемділігін, зеректігін, дарындылығын бағдарлауға бейімделген.

16. Мектепке дейінгі білім берудің жалпы білім беру бойынша оқыту бағдарламасы оқытудың, жазудың, есеп және тілдік қарым-қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білімді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдай құруды қарастырады.

17. Білім беру ұйымына балаларды қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Білім беру ұйымына баланы қабылдау онда бос орын болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі.

19. Жоспар бойынша топтастырылғанда білім ұйымында келесі жасаралық топтар бар:

1) 2 жастан бастап (кіші топ) – 20 баладан артық емес;

2) 3 жастан бастап (ортаңғы топ) – 25 баладан артық емес;

3) 4 жастан бастап (ересек топ) – 25 баладан артық емес;

4) 5 жастан бастап (мектепалды даярлық тобы) – 25 баладан артық емес;

5) 3 жастан 6 жасқа дейінгі логопед тобы – 12 баладан артық емес;

6) 3 жастан 6 жасқа дейінгі санатор тобы – 15 баладан артық емес.

20. Білім беру ұйымы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүргізеді.

21. Кәсіпорында тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Білім беру үрдісін ұйымдастыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленетін және бекітілетін балаларды дамытудың жалпы білім беру бағдарламаларымен айқындалады және белгіленеді.

23. Мектеп жасына дейінгі әр баланың жетістігінің диагностикасын индикатор негізінде жүзеге асыру.

24. Балалар үшін оқу-тәрбие үрдісі арнайы болып табылатын қызметтің түрлерін ескере отырып жүзеге асырылады: ойындар, құрастыру, бейнелеу, музыкалық, театрландырылған, қозғалыс белсенділігі, сондай-ақ балаға жеке тұрғыдан қарауды, балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әртүрлі кіші топтармен жұмыс жасау мүмкіндігін көздейді.

25. Оқу-тәрбие және ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстарды әдіскер, тәрбиеші, қазақ, орыс және ағылшын тілі мұғалімдері, педагог-

психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, логопед және медициналық мейірбике жүргізеді.

26. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді.

27. Білім беру ұйымының қызметкерлері оқыту-тәрбиелеу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

28. Оқу әрекетінің тәртібі: «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен оқыту объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша анықталады.

29. Негізгі білім беру қызметі күннің бірінші жартысында орындалады.

30. Кәсіпорында кепілдік нормаларға сай тамақ өнімдерімен тамақтандыру қамтамасыз етіледі. Балалардың күн тәртібін есепке ала отырып тамақтануы жас ерекшеліктеріне қарай, тамақтың жиілігі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес анықталады.

31. Кәсіпорынның жұмыс істеу тәртібі ішкі жұмыс тәртібінің Ережелерімен ұжымдық шартпен белгіленеді.

32. Мектепке дейінгі ұйымнан балаларды шығару келесі жағдайларда басшысымен жүргізіледі:

1) баланың бала бақшадағы күтімі үшін айналым төлемақыны уақытында төлемеген жағдайда (төлемақының белгіленген мерзімінен он бес күнтізбелік күн төлемақыны кідіртсе);

2) бала себепсіз және әкімшілікті ескертусіз бір айдан артық бала бақшаны босатқан жағдайда;

3) дәрігерлік кеңес беруші комиссиясының анықтамасы негізінде мектепке дейінгі мекемеде болуына медициналық тосқауыл болатын қарсы көрсетім болған жағдайда.

33. Ақылы қызметтерді ұсыну тізімі мен тәртібі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Кәсіпорынның оқу бағдарламасына қосымша білім беру және сауықтыру қызметтері мемлекеттік басқару органдарының келісімі негізінде енгізіледі.

Қосымша ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы қызметкерлерге еңбек ақы төлеуге, қажетті құралдар сатып алуға, тиісті дамыту ортасын құру үшін жұмсауға көзделеді.

34. Ақылы білім беру және сауықтыру қызметтері негізгі білім беру үдерісіне қосымша ретінде беріледі. Басшы белгілейтін ақылы қызметтердің тізіміне сонымен қатар үйірме жұмыстары ұйымдастырылуы мүмкін: ағылшын тілін, қазақ тілін оқыту, хореография, бейнелеу өнері, спорттық секциялар.

35. Білім беру ұйымы мен ата-аналар және басқа да заңды өкілдер арасындағы қарым-қатынастар келісім-шартпен реттеледі.

36. Тәрбиеленушілердің ата-аналары және өзге де заңды өкілдері құқылы:

1) баланың жеке икемі мен ерекшелігіне, қалауын ескере отыра білім беру ұйымын таңдап алуға;

2) Кәсіпорынның өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және баланың балабақшада болу жағдайларына қатысты ақпарат алуға.

37. Тәрбиеленушілердің ата-аналары және өзге де заңды өкілдері міндетті:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, рухани қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) мектепке дейінгі ұйымға балалардың келуін қамтамасыз етуге;

3) Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережесін сақтауға.

38. Кәсіпорынның қызметкердің құқықтары мен міндеттері:

Кәсіпорынның қызметкерлерінің құқықтары:

1) лауазымына байланысты кәсіпорынның қызметіне қатысуға;

2) басқаруға қатысуға, яғни кәсіпорынның Кеңесіне және қоғамдық органдарға сайлануға;

3) еңбек келісіміне және біліктілік санатына сәйкес белгіленген еңбекақы алуға;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына байланысты еңбекті қорғауға;

5) сенбі, жексенбі күндері демалуға және қызметкерлерінің категориясына және бекітілген демалыс мерзіміне сәйкес жыл сайын берілетін ақылы демалысқа шығуға;

6) қолданыстағы заңнамаға, еңбек және ұжымдық шарттарға сәйкес басқа да құқықтарға ие болуға.

Кәсіпорынның қызметкерлері міндетті:

1) осы Жарғының талаптарын сақтауға;

2) өз лауазымдық міндеттерін, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін орындауға;

3) балаларды күтуде медициналық-педагогикалық ұйғарымдарын басшылыққа алуға;

4) еңбек ұжымының жалпы жиналысы шешімдерін орындауға;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға, еңбек ұжымдық шарттарға сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

39. Баланың денесіне немесе моральдық-психологиялық залал келтірген қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырған тәртіпшен жеке жауапкершілікті көтереді.

40. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері:

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз қарым-катынастан және кедергіден қорғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауға;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни

және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

4. Кәсіпорынды басқару

41. Ақмола облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

42. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (көрсетілетін қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның еңбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

43. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

44. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

45. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидасы негізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының

заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді.

46. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, мадақтау шараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына үміткерлер ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;

10) дербес жауапкершілікте болады:

қаржылық-шаруашылық қызметі мен Кәсіпорын мүлкінің сақталуына; таза табыстың белгіленген бөлігі бюджетке уақытылы аударылмағанда; кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастырғанда.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

47. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға беріледі.

5. Кәсіпорынның мүлкі

48. Кәсіпорынның мүлкін активтер құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

49. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

50. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай табысты жоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

51. Кәсіпорынның жүргізуінде оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

52. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

53. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың табыстары, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

54. Мүлікті жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз балансына бекіткен сәтінде туындайды.

55. Кәсіпорынның шарттары негізінде негізгі құралдарына жататын мүлікті иеліктен айыруға, сатып алу-сатуға, айырбастауға, сыйға тартуға құқылы емес.

56. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы иелік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249 - бабымен көзделген негіздер мен тәртіпте, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 баптарымен қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

57. Осы Жарғының 55-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

58. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

59. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

60. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

61. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді және басқа да материалдарды дербес жүзеге асырады.

62. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті көрсетуден Кәсіпорын алған табыс, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

63. Жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

64. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес, кәсіпорынның басшысы бекітетін және басқарушы органымен келісілген есеп саясаты мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

65. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік балансты, табыстар мен* шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

66. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

67. Кәсіпорын мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікте болады.

10. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

68. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен орнатылады.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

69. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

70. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

71. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

72. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

73. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

74. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Басшы Кемелова А.А.
Т.А.Ә.

М.
КОЛЫ



Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 05 января 2021 года
№ А-1/3

УСТАВ
государственного коммунального казенного предприятия
«Ясли-сад «Болашак» города Кокшетау
при отделе образования города Кокшетау
управления образования Акмолинской области»

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Болашак» города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области» (далее- Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области (далее-Учредитель).

3. Органом государственного управления Предприятия является государственное учреждение «Отдел образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области» (далее-уполномоченный орган).

4. Наименование Предприятия : Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Болашак» города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области».

5. Место нахождения Предприятия: Республика Казахстан, 020000, Акмолинская область, город Кокшетау, микрорайон Центральный, 61.

2. Юридический статус Предприятия

6. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

7. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках, в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием детского сада.

8. Предприятие не имеет филиалов и представительств.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

9. Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области дошкольного образования.

10. Целью деятельности Предприятия является развитие и формирование личности ребенка с учетом возрастных и индивидуальных особенностей, осуществляемых в соответствии с программами и учебными планами, разработанными на основе государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения.

11. Приоритетное направление образовательной системы Предприятия: формирование основ здорового образа жизни через использование инновационных здоровьесберегающих технологий и коррекционно-развивающих методик в физическом воспитании.

12. Для реализации поставленной цели Предприятия осуществляет следующие виды деятельности:

